



VIII ГЛОБАЛЬНАЯ НАУКА И ИННОВАЦИИ 2020: ЦЕНТРАЛЬНАЯ АЗИЯ

МЕЖДУНАРОДНЫЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ



НУР-СУЛТАН, КАЗАХСТАН
ФЕВРАЛЬ, 2020



**Объединение юридических лиц в форме
ассоциации
«Общенациональное движение «Бобек»
Конгресс ученых Казахстана**

ISSN 2664-2271



**«GLOBAL SCIENCE AND INNOVATIONS 2020:
CENTRAL ASIA»**

**№ 3(1). Февраль-март 2020
СЕРИЯ «ИСТОРИЯ И АРХЕОЛОГИЯ»**

Журнал основан в 2018 г.

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:

Маслов Х.Б., PhD;

Заместители главного редактора:

**Е. Ешим, Е. Абиев (Казахстан), Лю Дэмин (Китай),
Е.Л. Стычева, Т.Г. Борисов (Россия)**

© ОЮЛ в форме ассоциации
«Общенациональное движение «Бобек», 2020



2. WWW.XS.UZ
3. Чингиз Айтматов, Мухтор Шохонов., “Чуққида қолган овчининг охи зори” Тошкент. 2019 329-бет
4. Чингиз Айтматов, Мухтор Шохонов., “Чуққида қолган овчининг охи зори” Тошкент 2019 329-бет
5. Осы кытап 330-бет

1925-1928 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫНДАҒЫ ЗАҢ ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Саржанова Самал Сагнаевна

Халықаралық бизнес университеті, ӘГҒ кафедрасының доценті,
тарих ғылымдарының кандидаты
Алматы, Қазақстан

Аннотация: Мақалада 1920-30 жылдардағы прокуратура ұйымының қызметінің негізгі бағыттары баяндалады. Прокуратура қызметкерлерінің кәсіби білім деңгейінің төмендігіне назар аудара отырып, автор прокуратура қызметкерлерінің қызмет бабын бұрмалап, асыра сілтеу факттеріне жол бергенін архив құжаттары негізінде дәлелдейді. Прокуратура органының кеңестік әкімшіл-әміршіл жүйенің қолшоқпарына айналып, құрамдас бөлігі болғаны мақала барысында айтылады.

Түйін сөздер: Кеңестік әкімшіл-әміршіл жүйе; заң; құқық; билікті асыра пайдалану; билікті теріс пайдалану.

Партияның бесінші бүкілқазақтық конференциясында “революциялық заңдықты қорғау” барысы туралы мәселе қаралды.

Конференцияда революциялық заңдылықтың Қазақстанда ойдағыдай жүзеге асырылмауына назар аударылып, оның себептері; ауылдық жерлерде ақсақалдардың, бай-манаптардың, атқамінерлердің үстемдік етуінен, сот-милиция қызметкерлерінің құрамының әлеуметтік тұрғыдан таза болмауын, жергілікті кеңес қызметкерлерінің салт дәстүр қылмыстарына жол беруілерінен (1), - деп көрсетілді. Кеңестер мемлекеті революциялық заңдылықты қорғау ұранын жамылылып, қазақ халқының дәстүрлі қоғамы мен дініне іріткі салу саясатын жүзеге асыруды бастады.

Сондықтан да, 1925 жылғы Қаз АССР Юстиция Халық Комиссариатының Прокуратура бөлімінің саяси жұмысы 5-ші партия конференция шешімдерін басшылыққа алып, соны орындауға негізделіп жүргізілді. Мұнда прокуратура бөлімінің саяси жұмысы төмендегідей мазаларға тірелді:

1. Кеңес үкіметінің революциялық заңдылықты қорғау шараларымен шаруа, малшы, жұмысшыларды таныстыру, осыған байланысты жиналыстарында баяндамалар жасау, еңбекші халықпен әңгімелесу;
2. Революциялық заңдылықты жүргізу жұмысына еңбекші халықты белсенді түрде арластыру, халық заседательдерін қоғамдық айыптаушы жұмысына тарту;
3. Революциялық заңдылықты жүргізу барысын баспасөз бетінде жариялап, халықты хабардар ету.
4. Революциялық заңдылықты қорғау шараларын бақылауда ұстау.

Кеңестік заңқорғау органдарының басшылық қызметін шын мәнінде халықтың мойындамағнын көрген кеңестік органдар және партия басшылары революциялық заңдылықты қорғау жұмысын нәтижелендіру мақсатымен қазақ қоғамының кейбір белсенді өкілдерінің төңірегіне тартты. Білімі жетіспейтін осындай азаматтар халық заседателі, қоғамдық айыптаушы деген деген мансаптарға ие болып, нендей мәселелермен



айналысып жүргендерін өздері де ұқпастан, дөрекі әдістермен жүргізілген төтенше науқандарға белсене ат салысты. Осыған байланысты мына дерек назар аудартады. Атап айтқанда, 1925-1926 жылдары Қазақстан бойынша 922 адам қоғамдық айыптаушы қызметінде болған болса, оның 344 ауылдық жерлерде жұмыс жасады. Осы ауылдық жерлерге тиесілі айыптаушылардың 62 ғана қазақ ұлтынан болды. Осы жылдары қазақ халқының 98% ауылдық жерлерде тұратынын ескерсек, бұл мәлімет қазақ халқының кеңестік заңқорғау органдарына деген сенім дәрежесін көрсетеді.

Осы қоғамдық айыптаушылар 1925-1926 жылдары сот жұмыстарына 438 рет қатысты. Бұл, әрине, партия қызметкерлері көңілінен шыға қоймады. Сондықтан прокурорлардың халық арасындағы жұмысы күшейтілді.

Осы жылдардағы прокурорлық бақылау өкілдерінің еңбекшілердің жиналыстарында революциялық заңдылықты қорғау мәселесі төңірегінде баяндамалар жасауды жиілетті. Деректерге жүгінсек, бұл төмендегідей:

Алматы губерниясы бойынша – 18

Ақтөбе – 40

Семей – 32

Қостанай округі – 26

Сырдария губерниясы – 24

Орал – 11

Қарақалпақ автон. обл. – 14

Адай уезі – 12

Барлығы – 202 (2).

ХЮК Республика Прокуратура бөлімі өзінің саяси жұмысын атқару барысында революциялық заңдылықты қорғау саясатын орындау жағдайын халыққа баспасөз арқылы хабарлап тұруды әдетке айналдырған. Бұл жұмыс прокуратура бөлімі қызметкерлерінің газет тілшілерімен сұхбаттарында, жиналыстарда, түрлі ресми отырыстарда сөйлеген сөздерінде көтеріледі. “Еңбекші қазақ” газеті беттеріндегі мақалалар прокуратура бөлімінің революциялық заңдылықты орнату саясатын нәтижелендіру үшін қанаушы таппен күрес науқанын күшейтуді бақылау жұмысын жандандырғанын көрсетті.

“Еңбекші қазақ” газеті беттерінде әдет-ғұрыптан туған қылмыстардың әлі де күштілігі туралы (3) және т.б. әдет-ғұрып қылмыстары тақырыбына жазылған мақалалардың көптен жариялануы, “қанаушы тапты жою” науқанының қазақ халқының дәстүрлі әдет-ғұрып салт-дәтүрімен күрес негізінде басталғанын аңғартады. Мұндай мақалаларды прокуратура бақылауда ұстаған.

1925-1926 жылдың алғашқы жартысында прокуратура бөлімі тілшілердің 314 мақаласын бақылауға алған болса, ал осы жылдың екінші жартысында 1140 мақалаға жауап қайтқан. Губерниялар бойынша бақылауға алынған мақалалардың сандық көрсеткіші төмендегідей:

Семей – 314

Ақмола – мәлімет жоқ

Қарақалпақ автономды облысы – мәлімет жоқ

Сырдария – 248

Ақтөбе – 437

Жетісу – 64

Орал – 254

Адай уезі – 8

Қостанай – 129

Барлығы 1459 болған (4).

ЮХК Прокуратура бөлімі саяси қызметінің түпкі мақсаттарының бірі жергілікті халықты заңқорғау органдарының ықпалына түсіру болғандықтан, халық көп шоғырланған орындарда – сот камералары, губерниялық баспасөз, әйел бөлімдері,



жұмысшылар клубтары жандарынан халыққа құқық мәселесінде көмек көрсететін консультациялық орындар көптеп ашылды. Халыққа кеңес беру жұмысын заң органдарының барлық қызметкерлері кезекпен атқаратын болды. Алайда, тұрақты қызмет жасайтын мұндай орындар тек Семей, Орал губерниялары мен Қостанай округінде консультациялық орындардың халыққа берген кеңесі сандық көрсеткіштерімен алғанда төмендегідей:

Семей губерниясы – 12, 9 ауызша, 484 жазбаша

Орал губерниясы – 1342 ауызша, 449 жазбаша

Қостанай округі бойынша – 918 ауызша, 301 жазбаша

Қорытынды көрсеткіш – 1965 ауызша, 1234 жазбаша (5).

5 - ші Бүкілқазақстандық партия конференциясында “ауылдық жерлерде революциялық заңдылық аяқ басқан сайын бұзылады”, - деп атап көрсетіліп, сыналды. Сондықтан ЮХК Прокуратура бөлімінің ауылдық жерлердегі саяси жұмысы 1925-1926 жылдары барынша күшейтілді.

Архив қойнауындағы құжаттар 1927-1928 жылдан бастап заң қорғау органдарының қызметі белгілі бір науқанның өту барысына шоғырланғанын көрсетеді. Яғни, осы жылдан бастап мемлекеттік террор күшейіп, сот-прокуратура органдары әкімшіл-әміршіл жүйеге бейімделген деген қорытынды жасаймыз. Осы кезден бастап халықтың санасына мүлдем жат заңдар жазылып, осылайша ұлттық психологиясымен үндеспейтін қоғам орнаған.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ:

1. ҚР ПА. 141-қ. -1т.-769-іс. 153 п.
2. ҚР ОМА. 1380-қ.-1т.-99—іс. 10,11 п.
3. Әдет-ғұрып қылмыстары//Еңбекші қазақ. 1925. –12 қаңтар.-N277
4. ҚР ОМА. 1380-қ.-1т.-141—іс. 16 п.
5. ҚР ОМА. 1380-қ.-1т.-99—іс. 11 п.